

Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 қазандағы N 308-ө
Өкімі

2006 жылғы 31 қазан - 1 қараша кезеңінде Астана қаласында Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

ресми делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 476000 (төрт жүз жетпіс алты мың) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ресми делегация мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрі арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі ресми делегацияны әуежайдың жоғары лауазымды тұлғаларға арналған залдарында қарсы алу және шығарып салу, Астана қаласының

әуежайын безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ